

Қазақстан Республикасының азаматтары Өзбекстан Республикасының азаматы – ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаға, қорғаншылықты ресімдеу алгоритмі

1. Қазақстан Республикасының азаматы www.egov.kz «электрондық үкімет» веб-порталы арқылы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 29 маусымдағы № 407 бұйрығымен бекітілген жетім балаларды, ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларды асырап алуға тілек білдірген, Қазақстан Республикасының аумағында тұрақты тұратын, Қазақстан Республикасының азаматтары болып табылатын адамдарды есепке алу қағидаларына сәйкес тұрғылықты жері бойынша қорғаншылық органына құжаттар беруі керек;

2. Бала асырап алуға үміткер (лер) болудың мүмкіндігі (мүмкін еместігі) туралы қорытынды алғаннан кейін, Өзбекстанда өздерінің дипломатиялық өкілдіктері бар мемлекеттердің бала асырап алуға үміткер (лер) болу мүмкіндігі (мүмкін еместігі) туралы қорытындыны алғаннан кейін қорғаншылықты белгілеу мәселелерін қарау кезінде елде жеке өзі қатысуға және мынадай мәліметтерді қамтитын елшіліктің немесе консулдың өтінішхатын ұсынуға тиіс.

Қазақстан Республикасының азаматы www.egov.kz «электрондық үкімет» веб-порталы арқылы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 29 маусымдағы № 407 бұйрығымен бекітілген Жетім балаларды, ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларды асырап алуға тілек білдірген, Қазақстан Республикасының аумағында тұрақты тұратын, Қазақстан Республикасының азаматтары болып табылатын адамдарды есепке алу қағидаларына сәйкес тұрғылықты жері бойынша қорғаншылық органына құжаттар беруі керек.

Өзбекстанда өздерінің дипломатиялық өкілдіктері бар мемлекеттердің бала асырап алуға үміткер (лер) болу мүмкіндігі (мүмкін еместігі) туралы қорытындыны алғаннан кейін қорғаншылықты белгілеу мәселелерін қарау кезінде елде жеке өзі қатысуға және мынадай мәліметтерді қамтитын елшіліктің немесе консулдың өтінішхатын ұсынуға тиіс:

Туған күні;

Тұрғылықты жері;

болашақ асырап алушылардың тегі, аты, әкесінің аты;

материалдық жағдайы туралы мәліметтер;

бала асырап алушылардың денсаулық жағдайы туралы медициналық қорытынды (наркологиялық, психиатриялық, туберкулезге қарсы және басқа да мекемелерден анықтамалар);

отбасының моральдық-психологиялық ахуалы;

болашақ асырап алушыларға мінездеме (елшіліктен немесе консулдықтан).

Өзбекстан Республикасының отбасылық кодексiне сәйкес қорғаншы немесе қамқоршы болуға ниет білдірген адамдар оларды қорғаншы немесе қамқоршы етіп тағайындау үшін келесі құжаттарды ұсынуы керек:

а) қорғаншы немесе қамқоршы болуға тілек білдірген адамның тегі, аты және әкесінің аты, тұрғылықты жері, некеде тұрған уақыты (некеде тұрған адам үшін), егер балалары болса, күйеуі мен әйелі бірге немесе бөлек тұратынын, балалардың саны және олардың жасы, қорғаншылыққа немесе қамқоршылыққа жататын адамның тегі, аты және әкесінің аты, сондай-ақ қорғаншылықты немесе қамқоршылықты белгілеу негіздері;

б) жеке басты куәландыратын құжат;

в) отбасы мүшелерін көрсете отырып, азаматтардың өзін-өзі басқару органынан анықтама;

г) некеде тұрған адамдар үшін-неке туралы куәліктің (некені бұзу туралы куәліктің) көшірмесі;

е) жалақысын көрсете отырып жұмыс орнынан анықтама;

з) жұмыс орнынан мінездеме;

и) қорғаншы немесе қамқоршы болуға тілек білдірген адамдардың денсаулық жағдайы туралы емдеу мекемесінің (дәрігерлік-консультациялық комиссияның) қорытындысы, психологиялық және нарколологиялық мекемелерден, туберкулез диспансерінен анықтамалар;

к) қорғаншы немесе қамқоршы болуға тілек білдірген адамның қасақана қылмысы үшін соттылығы жоқ екендігі туралы Ішкі істер органының ақпараттық орталығынан алынған анықтама.

Облыстық, қалалық, аудандық халықтық білім беруді басқару бөлімдерінде, аудандық әдістемелік қамтамасыз ету және білім беру мекемелерін ұйымдастыру бөлімдерінде қорғаншылық және қамқоршылық органдары жұмыс істейді, олардың міндеті жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалардың жағдайын анықтау, бағалау және орналастыру болып табылады.

Қорғаншылық және қамқоршылық органдары қорғаншылық және қамқоршылық жөніндегі міндеттерді тікелей жүзеге асыру үшін қорғаншы немесе қамқоршыны осы органдарға қорғаншылық пен қамқоршылықты белгілеу қажеттігі туралы белгілі болған күннен бастап бір ай мерзімнен кешіктірмей тағайындайды.

Қорғаншылық немесе қамқоршылық қорғаншы немесе қамқоршы болуға тілек білдірген адамдардың өтініші бойынша аудан немесе қала әкімінің шешімімен белгіленеді.

Қорғаншылық немесе қамқоршылық қорғаншылыққа немесе қамқоршылыққа жататын адамның тұрғылықты жері бойынша, ал егер адамның белгілі бір тұрғылықты жері болмаса қорғаншының немесе қамқоршының тұрғылықты жері бойынша белгіленеді.